

**Жасөспірімдер және әйелдердің еңбек
гигиенасы. Медицина
қызметкерлерінің еңбек гигиенасы.
Қазіргі жағдайда жасөспірімдердің
еңбегін қорғау мен гигиенасы
санитарлық нормалары және негізгі
бағыттары**

**М. ғ. к., доцент Ниязбекова Л. С.
Еңбек гигиенасы кафедрасы ҚазНМУ**

Жоспар

- 1. Әйелдер мен жасөспірімдердің еңбек гигиенасы**
- 2. Медицина қызметкерлерінің еңбек гигиенасы**
- 3. Қазіргі жағдайда жасөспірімдердің еңбегін қорғау мен гигиенасы санитарлық нормалары және негізгі бағыттары**

Әйелдер мен жасөспірімдердің еңбек гигиенасы

- Қызмет ететін және жұмыс істейтін ортада, әйелдердің ортақ үлесі негізінен 51% құрайды.

Ғылыми - техникалық өрлеудің табыстарын енгізумен байланысты, еңбектің сипатының және мазмұнының өзгерістері халық шаруашылығына, әр түрлі салаларда жұмыс істейтін әйелдердің қатыстырылуын қайта қарастыруды талап етеді. Осылай, кәсіпорындарда машина жасау және радиоөндірісінде жұмыс істеп жатқан әйелдер үлесі 65- 67% , электроника және құрал жасауда — 45 - 47%, мұнай химияда - 60%.

- ❑ Сонымен қатар, осы уақытта көмір, орман өнеркәсібіінде, көлік коммуникация кәсібіінде, үлкен физикалық жүктемелер қойнауында, ер адамдар саны басым.

- ❑ Механикаландырылған еңбекте, әйелдер саны 50% құрап жатыр. Аппаратшылардың, жөндеушілердің ортасында әйелдер еншісі жоғарылап келеді,
 - жабдықтаушы,
 - оператор,
 - машинист-моторист және т.б.

- Өнеркәсіптерде және ауыл шаруашылығындағы салаларда үлкен еңбек көлемін қажет ететін мамандықтардың саны басым болып тұр. Ауыр еңбекпен айналысатын қызметтердегі әйелдердің арасында, жатырдың ретрофлексии, ішкі жыныс органының төмендеуі, өздігінен түсік тастау жоғарғы пайызды көрсетеді.

- Қазіргі таңда ҚР жұмыс істейтін әйелдер саны 51,8% құрайды. Өндіріс саласында (өнеркәсіп, ауыл шаруашылық, транспорт, байланыс және т.б.) 65% әйелдер еңбек етеді. ҚР да жоғары білімі бар тұрғындардың ішінде әйелдер саны басым (140,5 мыңға көп).

- Өнеркәсіп салаларының ішінде әйелдер көп еңбек ететін сала машина жасау (33%), жеңіл өнеркәсіпте 20% құрайды, тамақ өнеркәсібінде 10%, химия заводтарында 6,8%, құрылыс материалдары өнеркәсібінде 5%.

- Нақты жағдайда әйел организмі үшін оптимальды еңбек жағдайын қамтамасыз ету мүмкін емес. Әйелдер еңбек ететін кейбір өндірістерде жағымсыз өндірістік факторлар орын алуы мүмкін.
- Кейбір қанағаттандырылмаған өндірістік жағдайда әйелдердің анатомиялық физиологиялық ерекшеліктері оларда гинекологиялық аурулардың туындауына алып келуі мүмкін және репродуктивті функциясына әсер етеді.

- Механизацияланған еңбек жеңіл болғанымен жүйкенің зорығуы, МОНОТОНДЫЛЫҚ сияқты жағымсыз жағдайлар әйел денсаулығына әсер етуі мүмкін.

- Қазіргі таңда әйелдер кәсібі ішінде тұрып және отыру позасында атқарылатын жұмыстар сүйек бұлшық ет аппаратының бұзылыстарына
 - остеохондрозға,
 - спондилезге алып келуі,
 - кеуде,
 - іш қуысы,
 - аяқ, және кіші таз жүйелерінің қан айналымын бұзуы мүмкін.

- Көптеген кәсіптер өндірістік ортаның физикалық факторларының әсерімен байланысты.

- Өндірістік діріл ұзақ уақыт әсер еткен кезде әйел организмінде әртүрлі патологиялар пайда болуы мүмкін, жүктіліктің дұрыс дамуы да бұзылады. Бірдей кәсіптік жүктемеде діріл және шу патологиялары еркектерге қарағанда әйелдерде басымырақ.
- Иондық сәулелену де баланың даму стадияларына әсер етеді.

- ❖ Кебір химиялық зиянды заттардың әсеріне әйел терісі өте сезімтал келеді. Кәсіптік дерматиттер еркектерге қарағанда әйелдерде көбірек кездеседі.
- ❖ Бұл кезде әйелдерде химиялық заттардың әсерінен пайда болатын симптомдар
 - астения,
 - гипотония,
 - миокард дистрофиясы,
 - тромбоцитопения ертерек басталады.

Өнеркәсіптік улар көп жағдайда
менструацияның бұзылуына, ерте босануға,
түсік тастау сияқты әр түрлі патологияларға
алып келеді.

Эмбриотропты, тератогенді әсерлері бар
көптеген ядохимикаттар ана сүтіне түсуі
мүмкін.

- Жасөспірімдер мен балаларға морфофункционалдық дамудың бітпегендігі, психоэмоционалдық тұрақсыздық, әр түрлі орта факторлары мен жағдайларының әсеріне жоғары реактивтілік және сезімталдылық, әлеуметтік жетілмегендік тән.

Олардың сыртқы орта факторларына ерекше сезімталдылығы:

- интенсивті өсу және дамуына,
- кейбір органдар мен жүйелердің жетілмегендігіне,
- анатомиялық және гистологиялық ерекшеліктеріне байланысты.

- ❖ Жұмыс істеу барысында ж. көптеген жағымсыз физикалық және химиялық факторлардың әсеріне ұшырайды немесе контактта болады.
- ❖ Сондықтан олардың организмдерінің кәсіптік өндірістік факторларға реакциясының спецификасын міндетті түрде білу керек (жағымсыз метеорологиялық жағдай, өндірістік шу, діріл, өндірістік шаң, химиялық заттар, физикалық жүктемелер).

- ❑ Еңбек туралы заңға сәйкес жасөспірімдер 15 жастан бастап немесе ата-аналарының рұқсатымен 14 жастан бастап жұмыс істей алады.
- ❑ 18 жасқа толмаған жасөспірімдерге ауыр және зиянды еңбек жағдайы бар кәсіптерде жұмыс істеуге болмайды. Жасөспірімдер жұмысқа міндетті түрде медициналық тексерулерден кейін жіберіледі, жұмыс берушінің қаражатымен жыл сайын мед тексерулерден өтіп тұруы керек.

- Жұмыс істейтін жасөспірімдер үшін қысқартылған жұмыс аптасы белгіленеді
 - 16 жасқа дейін - 24 сағат,
 - 16-18 жастағыларға - 36 сағат.

- Күнделікті жұмыс ауысымының ұзақтығы 5-7 сағаттан аспауы керек. Түнгі ауысымдарда, мейрам кездерінде, демалыс күндері жұмыс істеуге тыйым салынады.

- Медициналық қызметкерлер үлкен эмоционалдық жүктеме жағдайында жұмыс атқарады, соның салдарынан жүйке жүйесінің тез қажуына, «кәсіптік тозу» синдромының дамуына алып келеді.

- ✓ Аурудың дамуының негізгі себептері бұл жеке бас қорғаныс заттарының болмауы немесе тиімсіздігі, инфицирленген науқастармен қарым қатынаста болуы және құрал жабдықтардың жетілдірілмегендігі.



- **Химиялық,**
- **физикалық,**
- **биологиялық жүйкелік**
- **эмоционалдық жүктемелер**

медицина қызметкерлерінде кәсіптік патологияның дамуына әкелетін негізгі факторлар болып табылады.

- Кәсіптік аурулардың дамуына және пайда болуына әсер ететін себептер емдік профилактикалық мекемелерде барлық салалырында қолданылатын кәсіптік патологияның алдын-алу регламентінің жоқтығы. Емдік профилактикалық мекемелерде кәсіптік патолог қызметінің енгізілмегендігінен алдындын алу шаралары жүйелі түрде жүргізілмейді.

- Сонымен қатар дәрігерлердің денсаулығына қауіптілік кәсіптік психологиялық фактордан басқа, басөады әлуеметтік тұрмыстық, алиментарлық және мінез құлықтық факторлар әсер етеді.

Медицина қызметкерлерінің еңбек гигиенасына арналған көптеген зерттеулерде медицина қызметкерлеріне әсер ететін негізгі зиянды және қауіпті өндірістік факторларға

- аллергендер,
- жұқпалар,
- рентгендік,
- иондалған және ультракүлгін сәулелену, аэрозольдер, өздерінің мәні бойынша химиялық заттар болып табылатын әртүрлі медициналық препараттардың буы мен шаңы, сонымен қатар қолайсыз микроклимат, шу, дүріл, физикалық күш, жүйке-эмоционалды жүктеме жатады.

□ Медицина қызметкерлерінің кейбір бөліктерінде эмоционалды (әлеуметтік, кәсіптік) тозу байқалады, яғни өз мамандығына деген қызығушылықтың жоғалуы.

□ Дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлер арасында созылмалы аурулармен ауыратын науқастардың санын салыстыра отырып (сауалнама мәліметтері бойынша), дәрігерлердің созылмалы аурулармен жиі ауыратындығын байқауға болады.

- Дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерінің жас шамасының бірдей екенін ескере отырып, жалпы алғанда дәрігерлердің денсаулық жағдайы орта медицина қызметкерлеріне қарағанда төмен екендігін айтуға болады.
- Дәрігерлердегі жүйке-эмоционалдық жүктеменің жоғары екені созылмалы аурулардың санына септігін тигізетінін жоққа шығармайды.